Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің №1, №2 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы талдамалық анықтама

Астана қаласы **2026 жылғы 15 шілде**

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті басшысының 2026 жылғы 30 сәуірдегі №30 бұйрығына (бұдан әрі – **Департамент**) сәйкес Департаменттің №1 және №2 зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің (бұдан әрі – **бөлімдер**) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Бөлімдердің негізгі міндеттері:

- өз құзыреті шегінде зейнетақымен қамсыздандыру, әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, жаппай саяси қуғын-сүргіндер салдарынан зардап шеккен азаматтарды, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды, Арал өңіріндегі экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау, сондай-ақ балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру.

Бөлімдер **17 мемлекеттік қызмет түрін** көрсетеді.

Ішкі талдау бөлімдердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілді.

Бөлімдердің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес бөлімдер келесі **17 мемлекеттік қызметті** көрсетеді:

- «Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау»;
- «Жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау»;
- «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау»;
- «Мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау»;
- «Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау»;
- «Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау»;
- «Бала тууына және бала күтіміне байланысты жәрдемақыларды тағайындау»;
- «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау»;
- «Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анасына немесе әкесіне, асырап алушысына, қорғаншысына (қамқоршысына) жәрдемақы тағайындау»;
- «Банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша төлемдерді

капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті тағайындау»;

- «Инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасы және зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы төлеу»;
- «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы тағайындау»;
- «Күтім жасауды жүзеге асыратын адамға жәрдемақы тағайындау»;
- «Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау»;
- «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу»;
- «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу және куәліктер беру»;
- «Көпбалалы отбасына жәрдемақы тағайындау».

Мемлекеттік қызметтер «Е-Макет» ААЖ арқылы электрондық форматта электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылады және Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес маманнан бастап Департамент басшылығына дейінгі үш деңгейлі тексеруден өтеді:

- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII Әлеуметтік кодексі;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №232 «Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы №256 «Республикалық бюджет қаражаты есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы №257 «Мүгедектік және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерлерін есептеу (айқындау), тағайындау, төлеу, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №269 «Мемлекеттік арнаулы жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және оны төлеу туралы шешімді қайта қарау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 24 мамырдағы №169 «Бала тууына байланысты мемлекеттік жәрдемақыны, бала күтіміне байланысты жәрдемақыны, көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны, наградталған анаға берілетін жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы №192 «Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы №215 «Мүгедектігі бар баланы (балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақыны, сондай-ақ бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасауды жүзеге асыратын адамға берілетін мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №84 «Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы №521 «Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және төлеуді тоқтату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №277 «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына ақшалай өтемақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінің қызметкерлері мемлекеттік қызметтерді алушылармен тікелей байланыс жасамайды. Азаматтарға консультациялар олардың жеке өтініші бойынша ғана беріледі.

Ағымдағы жылдың 1 қаңтары мен 30 маусымы аралығында зейнетақы бөлімдерімен барлығы 38 692 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Бөлімдерде тұрақты негізде қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында ішкі техникалық оқыту сабақтары өткізіледі. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттық мақалалар жарияланып, қала тұрғындарымен Қазақстан Республикасының зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша кездесулер ұйымдастырылады. Сондай-ақ Департаментте және «Amanat» партиясының қоғамдық қабылдау алаңында азаматтарды қабылдау жүргізіліп, зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау мәселелері бойынша түсіндірмелер беріледі.

Бұдан басқа, зейнетақылар мен жәрдемақылардың заңсыз тағайындалуына жол бермеу мақсатында ұсынылған құжаттарға тексеру жүргізіледі, мәліметтердің дұрыстығын растау үшін Мемлекеттік кірістер органдарына, әділет органдарына, архив мекемелеріне және өзге де мемлекеттік органдарға сұрау салулар жолданады, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері қаралады. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жетілдіру мәселелері бойынша ай сайын өткізілетін «Ашық есік күні» іс-шараларына тұрақты түрде қатысу қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік қызметтерді тағайындауға қажетті құжаттарды қабылдауды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының филиалдары жүзеге асырады және Департамент қабылдаған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына SMS-хабарлама жіберу арқылы хабардар етеді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін айқындау кезінде жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін тексеру барысында туындайтын тәуекелдер

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің тапсырмасына сәйкес Департамент 2025 жылы тағайындалған 22 зейнетақы ісіне жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің жасанды түрде ұлғайтылуы фактілерінің болуына тексеру жүргізді *(анықтама үшін: еңбек өтілін тексеретін №6 Жұмыс жоспарына сәйкес, Е-макет бағдарламасында 360-есеп тобы іске асырылды).*

Тексеру нәтижесінде 15 жағдайда зейнеткерлік жасқа жетер алдында өткен кезеңдер үшін міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – **МЗЖ**) аударылғаны анықталды. Аталған мән-жайлар мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін айқындау кезінде ескерілетін жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің ұлғаюына алып келген.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде аталған зейнетақы істері бойынша мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін айқындау кезінде есепке алынуға жатпайтын кезеңдерді алып тастау арқылы қайта қаралды. Артық төленген қаражат бюджетке қайтарылды.

Айта кету қажет, қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін айқындау тетігі міндетті зейнетақы жарналарының аударылуы туралы орталықтандырылған деректер базасының мәліметтеріне негізделген.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 22 маусымдағы №232 бұйрығымен бекітілген **Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерлерін есептеу (айқындау), тағайындау, жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта есептеу, қайта бастау, тоқтату және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімді қайта қарау қағидаларының** (бұдан әрі – **№232 Қағидалар**) 10-тармағына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының төленген кезеңі міндетті зейнетақы жарналарының аударылуы туралы орталықтандырылған деректер базасының мәліметтерімен расталады.

Сонымен қатар, №232 Қағидаларда зейнетақы төлемдерін тағайындаудың алдында өткен кезеңдер үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу мәселесі реттелмеген, сондай-ақ мұндай аударымдардың негізділігін тексерудің өлшемшарттары мен тетіктері көзделмеген *(мысалы: 1) Мемлекеттік кірістер комитетінің «Салық төлеушіні іздеу» сервисі арқылы тексеру барысында жеке кәсіпкердің міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңнен кейін тіркелгені анықталады; 2) жарналарды төлеушімен еңбек қатынастарының болғанын растайтын құжаттар жоқ).*

Аталған құқықтық тетік тиісті кезеңдерде жинақтаушы зейнетақы жүйесіне нақты қатыспай-ақ мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін жоғары мөлшерде алу үшін жағдай туғызады.

Осыған байланысты келесі тәуекелдер туындайды:

- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тұлғаның нақты қатысуын көрсетпейтін кезеңдерді есепке алу нәтижесінде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің жоғары мөлшерде тағайындалуы;
- мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін төлеуге бюджет қаражатының артық жұмсалуы салдарынан мемлекеттік бюджетке залал келтірілуі;

- өткен кезеңдер үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу немесе есепке алмау туралы шешім қабылдау кезінде заңнама нормаларының әртүрлі түсіндірілуі;

- жекелеген зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықты теріс пайдалануына және негізсіз артықшылықтарға ие болуына жағдай жасалуы.

Ұсыныстар мен ұсынымдар

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін жасанды түрде ұлғайту жағдайларын болдырмау мақсатында №232 Қағидаларға Департаменттің еңбек қызметін растайтын қосымша құжаттарды (еңбек шартының көшірмесі) және (немесе) салық органдарынан жеке кәсіпкердің тіркелген кезеңі (яғни жеке кәсіпкер ретінде қызметті жүзеге асыру кезеңі) туралы анықтаманы талап ету құқығын көздейтін толықтырулар енгізу мәселесін қарастыру ұсынылады.

Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау кезінде туындайтын тәуекелдер

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің *(бұдан әрі – Кодекс)* 190-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар адамдар қатарына басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері жатады.

2020 жылғы 6 мамырдағы №322-VI Қазақстан Республикасының «Ардагерлер туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 5-бабының 5) тармақшасына сәйкес Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентіне қызмет көрсеткен **жұмысшылар мен қызметшілер**, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен наградталған не жарақат, контузия немесе мертігу алған адамдар басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері болып танылады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы №192 бұйрығымен бекітілген Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау және төлеу қағидаларының *(бұдан әрі – №192 Қағидалар)* 3-қосымшасындағы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңдердің тізбесіне және 8-қосымшасында көрсетілген мемлекеттердің, аумақтардың және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңдердің тізбесіне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға, атап айтқанда, Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентіне қызмет көрсеткен, жарақат, контузия немесе мертігу алған не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО-ның ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерден мынадай құжаттар талап етіледі:

1. 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қолданылған үлгілерге сәйкес бұрынғы КСРО-ның уәкілетті органдары берген куәлік;

2. басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқанын растайтын жергілікті әскери басқару органының анықтамасы немесе басқа

мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы белгісі бар әскери билет;

3. Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентіне қызмет көрсеткенін растайтын құжат, сондай-ақ жарақат, контузия немесе мертігу алғанын растайтын медициналық құжаттар не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдарына берілген куәліктер.

Алайда қолданыстағы заңнаманы талдау нәтижесінде Заңда да, Кодексте де, №192 Қағидаларда да ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін берілетін наградаларға жататын бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдарының нақты тізбесі айқындалмағаны және олардың арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға құқықты растайтын негіз ретінде белгіленбегені анықталды.

Сонымен қатар, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1979 жылғы 3 шілдедегі №360-X **«КСРО-ның ордендері, медальдары және құрметті атақтары туралы жалпы ережені бекіту туралы»** қаулысының (бұдан әрі – **Қаулы**) 15-бабының **«б» тармақшасына** сәйкес **«Еңбектегі ерлігі үшін»** медалі еңбек сіңірген еңбегі үшін марапаттауға арналған.

Ал аталған Қаулының 15-бабының **«в» тармақшасына** сәйкес **«Жауынгерлік ерлігі үшін»** медалі Социалистік Отанды қорғаудағы және өзге де әскери еңбегі үшін марапаттау мақсатында белгіленген.

Бұдан басқа, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1980 жылғы 28 наурыздағы редакциядағы **«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі туралы ереже туралы** Жарлығына сәйкес бұл медаль ұрыс қимылдарының табысты жүргізілуіне белсенді жәрдемдескені, әскерлердің жауынгерлік даярлығын нығайтқаны үшін белгіленген және онымен Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, шекара және ішкі әскерлердің әскери қызметшілері, сондай-ақ КСРО-ның басқа да азаматтары наградталған.

Осыған байланысты №192 Қағидаларды **9-1-қосымшамен** толықтыру ұсынылады. Аталған қосымша **«Ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін берілетін наградаларға жатқызылатын бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдарының тізбесі»** деп аталуы тиіс.

Осыған байланысты мынадай тәуекелдер туындайды:

- заңнамада ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін берілетін наградаларға жататын бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдарының толық әрі нақты тізбесінің болмауы азаматтардың арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау туралы өтініштерін қарау кезінде құқықтық айқынсыздық туғызады;
- ұсынылған құжаттарды бағалаудың бірыңғай өлшемшарттарының болмауына байланысты лауазымды адамдар нақты мемлекеттік награданың ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін берілетін наградаларға жататын-жатпайтынын өз бетінше айқындауға мәжбүр болады. Бұл заңнаманы біркелкі қолданбауға жағдай жасап, жәрдемақылардың негізсіз тағайындалуына немесе оларды тағайындаудан заңсыз бас тартуға әкелуі мүмкін.

Ұсыныстар мен ұсынымдар

Заңнаманы әртүрлі түсіндіруді болдырмау және арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындаудың бірыңғай құқық қолдану практикасын қамтамасыз ету мақсатында №192 Қағидаларға өзгерістер енгізіп, оларды **«Ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін берілетін наградаларға жатқызылатын**

бұрынғы КСРО-ның ордендері мен медальдарының тізбесі» атты **9-1-қосымшамен** толықтыру ұсынылады.

Басшының орынбасары **Сартымбетова Л.Е.**

№1 Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы **Меллешов А.С.**

№2 Зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы **Жолдаспаева А.Д.**